

6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **Масимова Хуршидам Ташболатовнаның** «Педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Казакстан Республикасының білім саласында XXI ғасырдың басында ауқымды реформа орын алды. Еліміздің орта білім беру үйымдары жаңартылған білім беру мазмұнына көшірілді. Білім берудегі жаңа парадигма аясында оқыту үдерісін үйымдастыру тетіктері жаңартылды, білім алушылардың оку жетістіктерін бағалауда жаңа жүйе – критериалды бағалау қолданыска енді. Бұл жағдай орта білім беру үйымдары педагогтерінің бағалау іс – әрекетінің мәні, мазмұны, колданыс аясын өзгертті.

Білім алушылардың оку жетістіктерін критерийлер арқылы бағалауда педагогтер кездестірген киындықтар мен кедергілер, педагогтерге дәл осы бағыттар бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік көмектің жақеттілігін айқындағы. Осыған байланысты, педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту мәселесі өзектенді.

Диссидентант, Масимова Хуршидам Ташболатқызының «Педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысы педагогика саласында ғылыми негіздеуді қажет ететін, педагог қоғамы үшін маңызды және өзекті тақырып.

Хуршидам Ташболатовнаның ғылыми зерттеу жұмысы барысында кол жеткізген нәтижелері педагогика саласына салмакты үлес косады деуге негіз бар. Диссидентант өз зерттеу жұмысында төмендегі нәтижелі жұмыстарды аткарған:

- 1) Зерттеу барысында «Бағалау іс-әрекеті», «педагогтің бағалау іс-әрекеті», «педагогтің оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекеті», «бағалау», «критериалды бағалау» үйымдарының мәнін ашуда отандық және шетелдік ғылыми енбектерге жан – жакты, терен талдау жасап, авторлық аныкタамасын берген;
- 2) Педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетінің мәні, мазмұны, құрылымдық ерекшеліктеріне өз ғылыми көзқарастары аясында баға беріп, педагогтің бағалау іс-әрекетінің құрылымын анықтап, ғылыми негіздеген;
- 3) Педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың ғылыми тұғырларын, психологиялық – педагогикалық шарттарын анықтаған;
- 4) Зерттеу жұмысы барысында педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың заманауи проблемаларын ғылыми негізден, біліктіліктерін арттыру жүйесінде бұл мәселелердің қарастырылу денгейіне талдау жасаған;
- 5) Педагогтердің бағалау іс – әрекетін дамытудың тиімді жолдарын

аныктап, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құрастырып, тәжірибеге енгізген.

Хуршидам Ташболатовнаның диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында алған нәтижелері авторлық бірлестікте жазылған 12 ғылыми жұмыста көрініс тапқан. Олардың ішінде 1 макала Scopus базасына енген шетелдік базалыымда, 3 макала ҚР ГжЖБМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 7 макала халықаралық ғылыми конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы диссертант тарапынан барлық санаттағы гуманитарлық бағыттағы пәндер мұғалімдеріне арналған қысқа мерзімді «Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау іс – әрекетінің психологиялық – педагогикалық негіздері» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын құрастыру, оның оку – әдістемелік кешенін жасау, тиімділігін іс – тәжірибеде тексеру және «Критериалды бағалау жағдайында педагогтің бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» атты әдістемелік құралды әзірлеу мен айқындалады.

Зерттеу жүргізу барысында диссертант өзін дербес, енбеккор, ізденімпаз, білім беру саласындағы негізгі мәселелерге байланысты өз көзкарасын ғылыми негіздеу арқылы баға бере алатын, өз білімін нақты тәжірибе барысында колдана алатын, ғылыми еңбекке қабілетті ізденуші ретінде көрсете білді.

Диссидент, Масимова Хуршидам Ташболатовнаның ғылыми жұмысты жүргізу барысындағы аталған жетістіктерін, зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми жұмысты жүргізу талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» такырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысын 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында жария түрінде коргауға ұсынамын.

Ғылыми көңесші,
педагтика ғылымдарының докторы,
профессор



А.Н. Көшербаева